

	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 1- бет
---	---	--	-----------------------------

«БЕКІТІЛДІ»
«Виктория» СК» АҚ
Директорлар кеңесі
2024 жылғы «28» ақпандағы
№ 07 Хаттама

«ВИКТОРИЯ» СК» АҚ
ЖҮКТЕРДІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕСІ

Алматы қ., 2024 жыл

МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	3
2.	САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ.....	5
3.	САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА.....	6
4.	САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ.....	7
5.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ.....	7
6.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ.....	9
7.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ.....	13
8.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ.....	14
9.	САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ.....	15
10.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ.....	18
	САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ.....	18
11.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ.....	18
	МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ.....	18
12.	ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	20
13.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ.....	23
14.	КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ.....	25
15.	ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ.....	25
16.	ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ.....	25
17.	ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	25

	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 3- бет
---	---	--	-----------------------------

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі (бұдан әрі – «Ереже») Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 2000 жылғы 18-желтоқсандағы №126-ІІ «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және ерікті сақтандыру саласында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді, оны жүргізудің заңдық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.

1.2. «Виктория» Сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандырушы) осы Ереженің шарттарымен, заңды тұлғалармен (меншік нысанына қарамастан) немесе қабілетті, мүліктің сақталуына мүдделі, оның ішінде жүкті жіберуші, жүкті алушы, тасымалдаушы, кеме жалдаушы, экспедитор және т.с.с. болып табылатын жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтанушы) Жүктерді ерікті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандыру шарты) жасау арқылы жүктерді ерікті сақтандыруды жүзеге асырады.

1.3. Осы Ережеде қолданылатын негізгі түсініктер:

- 1) Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын дәлірек айтқанда сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе соның пайдасына Сақтандыру шарты жасалған басқа тұлғаға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сома (сақтандыру сомасы) көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндетті тұлға. Сақтандырушы – сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығы туралы лицензиясы бар заңды тұлға болуы тиіс;
- 2) Сақтанушы – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасаған тұлға;
- 3) Сақтандырылушы –соған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;
- 4) Пайда алушы – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен немесе Сақтандыру шартымен басқалай көзделмеген болса, сақтанушы – Пайда алушы болып табылады;
- 5) жүкті жіберуші – өзіне тиесілі жүкті жіберу бекетінен алу бекетіне жіберетін жеке немесе заңды тұлға;
- 6) жүкті алушы – алу бекетінде жүкті алуға құқылы жеке немесе заңды тұлға;
- 7) Сақтандыру ережелері – сақтандыру ұйымының сақтандырудың көрсетілген түрі бойынша сақтандыруды жүзеге асыру шарттарын айқындайтын құжаты;
- 8) тасымалдаушы – көлік құралы бар немесе оны жалдаушы жеке немесе заңды тұлға (көлік ұйымы). Тасымалдаушы өзіне жіберуші берген жүкті жіберу бекетінен алу бекетіне тасымалдауы және оны жүкті алуға уәкілетті тұлғаға (алушыға) беруі, немесе басқа көлік құралына қайта тиейтін бекетке жеткізуі тиіс;
- 9) Сақтандыру шарты – осы Ережемен айқындалатын шарттармен Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында жасалған Шарт, соған сәйкес Сақтанушы сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді;
- 10) Сақтанушының өтініші – Сақтанушының жазбаша рәсімделген құжаты, онда сақтандыру объекті және тәуекел сипаты, басқа да шарттармен қатар белгіленген сақтандыру объектінің орналасқан жері, құны, күй-жайы, сақтау немесе пайдалану тәртібі, техникалық дайындығы, сондай-ақ сапалық сипаттамалары туралы мәліметтер қамтылады;
- 11) сақтандыру қорғанысы – сақтандыру жағдайларының басталуының нәтижесінде сақтандырылған мүліктің жойылуының, зақымдануының немесе жоғалуының салдарынан Сақтанушының мүліктік мүддесіне келтірілген залалды өтеу бойынша Сақтандырушының міндеттемесі;
- 12) сақтандырылған тәуекелдер – Сақтандыру шартында көрсетілген, ықтималдық және кездейсоқтық белгілері бар болжалданған оқиға. Ол оқиғаның кенеттен басталуы сақтандырылған мүліктің жойылуына, зақымдануына немесе жоғалуына әкелуі мүмкін;

	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 4- бет
---	---	--	-----------------------------

13) сақтандыру сомасы – сақтандыру объекті сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

14) сақтандыру сыйлықақысы – Сақтандырушы Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін төлеу міндеттемесін қабылдағаны үшін Сақтанушы Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы;

15) сақтандыру жағдайы – Ережеде және Сақтандыру шартында қарастырылған оқиғаның орын алуы. Ол оқиға болған кезде Сақтандырушының Сақтанушыға немесе Сақтандыру шарты соның пайдасына жасалған өзге тұлғаға сақтандыру төлемін төлеу міндеті туындайды;

16) сақтандыру төлемі – Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасы көлемінде Сақтанушыға (Пайда алушыға) төлейтін ақша сомасы;

17) Сақтандыру полисі – Сақтандырушы біржақты тәртіпте әзірлеген үлгілік шарттарға (сақтандыру ережесіне) Сақтанушыны қосу құжаты (қосылу шарты);

18) франшиза – сақтандыру шартымен қарастырылған Сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден азат ету жағдайы. Франшиза шартты (азайтылмайтын) және шартсыз (азайтылатын) болып келеді. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден азат етіледі, бірақ залалды толығымен өтеуі тиіс, егер оның мөлшері ол сомадан көп болса. Шартсыз франшиза кезінде залал белгіленген соманы шегере отырып, барлық жағдайда өтеледі;

19) жүк – нормативтік құқықтық актілермен белгіленген талаптарға сәйкес тасымалдауға қабылданған мүлік;

20) жалпы апат – төтенше жағдайларда, кемеңі, фрахтты, тасымалдап жатқан жүкті солардың бәріне ортақ қауіптен құтқару мақсатында әдейі ақылға қонымды әрекеттерді жасаудың нәтижесінде келген залал;

21) жүкті тасымалдау – жүкті жіберу бекетінен тасымалдауға қабылдаған сәттен бастап оны алу бекетінде уәкілетті тұлғаға өткізгенге дейін жүкпен жасалған түрлі операциялардың, оларға аралық қоймаларда сақтауды, бір көлік түрінен басқа бір түріне қайта тиеу және ауыстырып тиеу кезінде тиеу-түсіру операцияларын қоса, жиынтығы;

22) жүктің толығымен жойылуы – жүктің толығымен жойылуы немесе ол қайта қалпына келтіруге мүмкін болмайтын немесе оны қалпына келтіру тиімді емес (қалпына келтіруге жұмсалатын шығындар жүктің бастапқы құнынан асып кеткен) дәрежеде зақымдануы;

23) тәуелсіз сарапшы – (интеллектуалдық меншік объектілерін, материалдық емес активтерді қоспағанда) мүлікті бағалау бойынша бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау бойынша уәкілетті мемлекеттік органдар белгілеген тәртіпке сәйкес сол орган тіркеуге алған жеке немесе заңды тұлға;

24) екі жақты (көп жақты) сақтандыру – бір объектіні әр Сақтандырушымен дербес Шарттар бойынша бірнеше Сақтандырушыда сақтандыру;

25) экспедитор – тасымалдауға жұмылдырылған барлық тараптарды үйлестіруді және өзара әрекеттесуді, тасымалдау шартымен байланысты жүктерді ауыстырып тиеу және басқа қызметтер бекетінде ауыстырып тиеу операцияларын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін жеке немесе заңды тұлға;

1.4. Сақтанушының осы Ережеде және Сақтандыру шартында көрсетілген міндеттері әрі Сақтандырылушыға да, әрі Пайда алушыға да теңдей шамада қолданылады. Сақтандырылушының немесе Пайда алушының сол міндеттерді орындамауы – ол міндеттерді Сақтанушы орындамаған кездегідей салдарға әкеп соқтырады.

1.5. Сақтандыру шартындағы және/немесе сақтандыру туралы өтініш-сауалнамадағы Сақтанушының немесе оның өкілінің қолтаңбасы – оның осы Ережемен толығымен келіскенін растайды. Сақтандыру полисін рәсімдеген жағдайда, Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлеуі – оның осы Ережемен толығымен келіскенін растайды.

1.6. Сақтанушы сақтандырылған жүктің сақталуына негізді мүддесі бар үшінші тұлғалардың пайдасына Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасауға құқылы.

	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 5- бет
---	--	---	--

1.7. Сақтанушы Сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде Сақтандыру шартында көрсетілген Пайда алушыны басқа тұлғамен ауыстыруға құқылы. Пайда алушыны ауыстыру туралы Сақтанушы Сақтандырушыға жазбаша хабарлайды. Сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін немесе Пайда алушы Сақтандыру шарты бойынша қандай да бір міндеттемесін орындағаннан кейін, немесе Сақтандырушыға сақтандыру төлемін төлеу туралы талап қойғаннан кейін Пайда алушыны басқа тұлғамен ауыстыруға болмайды.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

2.1. Сақтандыру шартында көрсетілген жүктің теміржол, автомобиль, әуе, теңіз, өзен көлігімен немесе көліктің басқа түрімен, оған құбыр жолдары мен басқа да коммуникацияларды қоса, тасымалдау барысында зақымдануы, жоғалуы және/немесе жойылуы салдарынан Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, жүкке иелік етуге, оны пайдалануға, оған өкім жүргізуге байланысты мүлктік мүддесі – сақтандыру объекті болып табылады.

2.2. Сақтанушы мен Пайда алушы сақтандырылған мүлктің сақталуына мүдделі болуға міндетті. Сақтанушы немесе Пайда алушы сақтандырылған жүктің сақталуына мүдделі болмаған кезде жасалған Жүктерді сақтандыру шарты жарамсыз болып саналады.

2.3. Сақтандыру шартында қарастырылған сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде заңды және жеке тұлғалардың жүктерін кездейсоқ жойылу немесе зақымдану тәуекелінен сақтандыру – Сақтандыру шартының мәні болып табылады.

2.4. Сақтанушының заңға қайшы мүдделері сақтандыруға жатпайды.

2.5. Осы Ережеге сәйкес жасалған Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе соның пайдасына Сақтандыру шарты жасалған өзге тұлғаның (Пайда алушының) пайдасына Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді.

2.6. Тараптардың келісімі бойынша біркелкі мүлктің (тауарлардың, жүктердің және т.с.с) түрлі партияларын ұқсас шарттармен, белгілі бір мерзім ішінде жүйелі түрде сақтандыру сақтанушыға Бас Шартты (полисті) беру арқылы бір Сақтандыру шартын жасау негізінде жүзеге асырылады. Бас Сақтандыру шартында (полисте) жалпы сақтандыру сомасы және Сақтандыру шартының бүкіл қолданыс кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысы белгіленуі мүмкін. Жекелеген Сақтандыру шарттарымен (бір рет тасымалдауға Жүктерді сақтандыру шарты) әр объекті (жүктің партиясы) бойынша сақтандыру сомасы және сыйлықақы белгіленеді. Сақтандырушы Сақтанушыға Бас Сақтандыру шарты (полис) шеңберінде тасымалданатын бір рет тасымалдауға Жүктерді сақтандыру шартын рәсімдеуге және беруге міндетті.

2.7. Сақтанушы Бас Сақтандыру шартының қолданысына жататын әр жүк партиясына қатысты аталған Шартпен келісілген мәліметтерді белгіленген мерзімде, ал ол қарастырылмаған болса, оларды алғаннан кейін шұғыл түрде хабарлауға міндетті. Егер аталған мәліметтерді алған сәтке Сақтандырушы өтеуі тиіс залалдардың келу ықтимал жойылған болса да Сақтанушы сол міндетінен азат етілмейді.

2.8. Бас Сақтандыру шартын жасамай, жүкті бір рет тасымалдауды сақтандыру бір реттік сақтандыру шартымен (бұдан әрі – «Жүктерді бір рет тасымалдау туралы сақтандыру шарты») жүзеге асырылады.

2.9. Жекелеген Сақтандыру шартының (полистің) мазмұны Бас Сақтандыру шартының талаптарымен сәйкес келмеген жағдайда, жекелеген Сақтандыру шартына басымдылық беріледі.

	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 6- бет
---	---	--	-----------------------------

3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА.

3.1. Сақтандыру сомасының мөлшері Тараптардың келісімімен, Сақтандыру шартын жасау сәтіне жүктің шынайы құнын растайтын құжаттардың негізінде Сақтандыру шартында белгіленеді және оған келесілер қамтылады:

- 1) коммерциялық инвойсқа және/немесе шот-фактураға, сондай-ақ жеткізу шартына немесе сол құнды растайтын басқа құжаттарға сәйкес жүктің құны;
- 2) егер Сақтанушы экспедиторлардың/тасымалдаушылардың қызметтерін пайдаланса, көлік құжаттарының (коносамент, көлік инвойсы, немесе жүкқұжат) негізінде белгіленетін кіре ақы төлемі;
- 3) жүкті транзиттік сақтауға, жолда күзетуге және жүкті тасымалдауға байланысты басқа да шығындарға (кіре ақы төлемін қамтымайтын және Бір рет тасымалдау туралы шарттың «Ерекше шарттары» атты бөлімінде/Сақтандыру туралы өтініш/сауалнамада тікелей көрсетілген) байланысты басқа шығындар.

3.2. Сақтанушы мен Сақтандырушының арасындағы келісім бойынша жүктің шынайы құны тәуелсіз сараптамалық бағалаудың негізінде белгіленеді, егер оны өзге тәсілмен белгілеу қиын болған болса.

3.3. Сақтандыру сомасы жүктің шынайы құнынан аспауы тиіс. Егер Жүкті сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасы жүктің шынайы құнынан асып кетсе, онда Сақтандыру шарты сақтандыру сомасының Сақтандыру шартын жасау сәтіне жүктің шынайы құнынан асатын бөлігінде жарамсыз болып табылады.

3.4. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру сомасына жүкті тасымалдауға және сақтауға (кірепұл, кеден төлемдері және т.с.с.) байланысты құжаттармен расталған шығындар енгізілуі мүмкін.

3.5. Егер Жүкті сақтандыру шартында жүкті бөлшектеп (партиялармен) тасымалдау қарастырылған болса, және бұл орайда, жүктің әр партиясы үшін сақтандыру сомасы мен сақтандыру сыйлықақысы келісілсе, онда Сақтандырушының Сақтандыру шарты бойынша жауапкершілігінің шекті көлемі әр нақты жағдайда жүк партиясының сақтандыру сомасына тең болады.

3.6. Егер Сақтандыру шартында жүктерді партиялармен тасымалдау қарастырылса, бірақ бұл орайда Сақтандыру шартында сома жиынтығында бүкіл жүкке белгіленген болса, онда Сақтандырушының әр жүк партиясы бойынша жауапкершілігінің шекті көлемі жүктің жалпы құнындағы жүк партиясының меншікті салмағына қарай, аталған жүк партиясына келетін сақтандыру сомасының бөлігіне тең болады.

3.7. Егер тасымалдап жатқан жүктің көлемі (саны) Сақтандыру шартында келісілген шамадан асып кететін болса, және соған байланысты тасымалданып жатқан жүктің құны Сақтандыру шартында келісілген сақтандыру сомасынан асып кетсе, онда Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемі тасымалданып жатқан жүктің шынайы құнына шаққандағы сақтандыру сомасына қатысты тең етіп белгіленеді.

3.8. Егер Сақтандыру шартында арнайы түрде басқалай келісілмеген болса, Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемі:

- 1) егер тасымалдаушы Сақтанушы ретінде әрекет етсе, жүк иесінің алдындағы тасымалдаушының (экспедиторлық немесе көлік ұйымы);
- 2) егер басқа тұлға Сақтанушы ретінде әрекет етсе, жүк иесінің немесе тасымалдаушының алдында жүкті сақтау шарты бойынша жауапты тұлғаның нақты жауапкершілігі мөлшерінен аспауы тиіс.

3.9. Жүктерді сақтандыру шартында мөлшері мен түрі Тараптардың келісімімен әрі абсолютті (ақшалай) түрде, әрі сақтандыру сомасына немесе залалға шаққандағы пайызбен белгіленетін франшиза белгіленуі мүмкін.

	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 7- бет
---	--	---	--

4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

4.1. Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша төленуі тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін Сақтанушы толтырған сақтандыру туралы өтініштің/сауалнаманың негізінде, сақтандыру объекті мен сақтандыру тәуекелінің сипатын есепке ала отырып, сақтандыру сомасынан ұсталатын сақтандыру сыйлықақысын айқындайтын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептейді. Сақтандыру сыйлықақысы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен төленеді. Қазақстан Республикасының аумағында шетел валютасымен есептесу жағдайлары, тәртібі және шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

4.2. Сақтандырушы төленуі тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін белгілеу кезінде тәуекел факторларына: бағыт, көлік түрі, күзеттің болуы, артық жүктеменің болуы, тез бұзылатын, қауіпті жүктерді тасымалдау және т.с.с. байланысты айқындалатын базалық сақтандыру тарифтеріне шаққандағы арттырылатын және төмендетілетін коэффициенттерді пайдалануға құқылы.

4.3. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын жүкті жібергенге дейін біржолғы төлеммен немесе мерзімді сақтандыру жарналары түрінде бөліп, қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз түрде төлейді.

4.4. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде төлемеу Сақтандыру шартын (Тараптарға хабарламай-ақ) тоқтатуға әкеледі. Бұл ретте сақтандыру сыйлықақысының төленіп қойған бөлігі Сақтанушыға қайтарылмайды.

Сақтанушының сақтандыру төлемін төлемеуіне байланысты Сақтандырушының Сақтандыру шартын бұзуы – Сақтанушыны сақтандыру қорғанысы қолданыста болған және Сақтандырушы Сақтанушының алдында өз міндеттемелері бойынша жауапты болған кезең үшін сақтандыру сыйлықақысын төлеу міндетінен азат етпейді

4.5. Егер сақтандыру жағдайы енгізілуі кешіктірілген белгілі бір сақтандыру сомасын (сақтандыру сыйлықақысын) төлегенге дейін басталған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде төленбеген сақтандыру сомасының (сақтандыру сыйлықақысын) есепке алуға құқылы.

4.6. Сақтанушы Бас Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын Бас Шарттың қолданысы кезеңінде жүктерді барлық болжалданған (жоспарланған) тасымалдау үшін төлеуге құқылы. Мұндай жағдайда Бас Сақтандыру шартының қолданысы аяқталғаннан кейін 10 (Он) жұмыс күні ішінде Тараптар тасымалдаулар мен сақтандыру сыйлықақыларын (бордеро) салыстырып тексеру туралы құжат әзірлейді. Анықталған артық төлем/толық төленбеген төлем қойылған шоттың негізінде тиісті Тарапқа 5 (Бес) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қайтарылуы тиіс.

4.7. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) Сақтандыру шартында көрсетілген мерзімге дейін толық мөлшерде уақытылы төлемеген жағдайда Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданысын Сақтандырушы кезекті сақтандыру жарнасын төлеу мерзімі кешіктірілген күннің келесі күнінен бастап біржақты тәртіпте уақытша тоқтатады. Бұл ретте Сақтандырушы сақтандыру қорғанысының қолданысы уақытшы тоқтатылған кезеңде орын алған сақтандыру жағдайлары бойынша жауапты болмайды.

4.8. Сақтандыру қорғанысының қолданысын уақытша тоқтату Сақтанушыны сақтандыру төлемін толық көлемде төлеуден азат етпейді.

5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

5.1. Сақтандыру шартында белгіленген оқиғаның немесе оқиғалар жиынтығының (сақтандырылған тәуекелдер) басталуы нәтижесінде сақтандырылған жүктің жойылуы, зақымдануы немесе жоғалуы осы Ереже бойынша – сақтандыру жағдайы деп танылады. Егер сақтандырылған жүктің жойылуы, зақымдануы немесе жоғалуы Сақтандыру шартының

	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 8- бет
---	---	--	-----------------------------

қолданысы кезеңінде және Сақтандыру шартында белгіленген аумақ шегінде орын алған оқиға – сақтандыру жағдайы деп танылады.

Сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылып жатқан оқиғада төменде көрсетілген барлық белгілер қамтылуы тиіс:

- 1) оқиғаның басталуының ықтималдығы және кездейсоқтығы;
- 2) нақты уақытқа немесе оқиғаның басталу орнына қатысты, сондай-ақ оқиғаның басталуының нәтижесінде залалдардың мөлшеріне қатысты алдын ала болжау мүмкін болмау;
- 3) оқиға сақтандыру шартының қолданыс аумағында сөзсіз және объективті түрде орын алу қаупі болмау, ол жөнінде тараптар, немесе ең болмағанда Сақтанушы әдейі білген немесе алдын ала хабардар болған;
- 4) Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) мүліктік мүддесі үшін оқиғаның басталуының кері, тиімсіз экономикалық салдары бар;
- 5) оқиғаның басталуы Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) еркіне және (немесе) ниетіне байланысты емес және пайда алу және (немесе) табыс алу мақсатын қарастырмайды (спекулятивті тәуекел).

5.2. Сақтандыру ережесінің деректеріне қолданылатын сақтандыру тәуекелі болып табылады. Басталуының нәтижесінде жүктің жойылуы немесе зақымдануы ықтимал оқиға немесе оқиғалар жиынтығы

5.3. Осы Ережеге сәйкес Жүктерді сақтандыру шарттары төменде көрсетілген шарттардың біріне сәйкес жасалады:

а) **«Барлық тәуекелдер үшін жауапкершілікпен»**. Осындай шарттармен жасалған Сақтандыру шарты бойынша келесілер өтеледі:

- 1) осы Ережеде және/немесе Сақтандыру шартында келісілген жағдайларды қоспағанда, кез келген себеппен орын алған бүкіл жүктің немесе оның бөлігінің жоғалуынан (жойылуынан) жетіспеушілігінен немесе зақымдануынан (бұзылуынан) келген залалдар;
- 2) жалпы апат бойынша залалдар, шығындар және жарналар;
- 3) жүкті құтқару мақсатында немесе, егер сақтандыру шарттары бойынша залал өтелуі тиіс болса, залалды азайту мақсатында жасалған барлық қажет және дұрыс шығындар;

б) **«Шектеулі жауапкершілікпен»**. Осындай шарттармен жасалған Сақтандыру шарты бойынша төменде көрсетілгендердің нәтижесінде бүкіл жүктің немесе оның бөлігінің жоғалуынан (жойылуынан) жетіспеушілігінен немесе зақымдануынан (бұзылуынан) келген залалдар өтеледі:

- 1) өрт немесе жарылыс;
- 2) кемені су басу, кеменің аударылуы, қайырға соғуы, жағаға соқтығысуы;
- 3) көлік құралдарының құлауы немесе өзара соқтығысуы, олардың жылжымайтын немесе жылжымалы заттарға соғуы, оның ішінде жер үстімен жүретін көлік құралының аударылуы немесе рельстерден шығып кетуі;
- 4) ұшу аппараттарының немесе солардың бөлшектерінің құлауы;
- 5) көпірлердің, тоннельдердің, басқа көлік коммуникацияларының, қойма жайларының және басқа ғимараттар мен құрылымдардың қирауы, оның ішінде бөгеттердің, құбыр жолдарының және жолдардың бұзылуы;
- 6) теңіз және өзен жолдарымен тасымалдауды сақтандырған кезде көлік құралының жүктермен бірге хабар-ошарсыз жоғалуы;
- 7) кеменің ішіне сырттан су кіру және трюмде немесе палубада жабық контейнерде сақтаулы жүктің ылғалдануы;
- 8) тиеу, жайғастыру, түсіру кезінде және тасымалданатын құралға жанармай құю кезінде күтілмеген оқиғалардың салдарынан жүктің құлауы (оның ішінде борттың сыртына);
- 9) жүкті борттың сыртына ағызып әкету;
- 10) тау жынысының құлауы, топырақ көшкіні, жер беті учаскелерінің шөгуі, қар көшкіні, сел ағындары, найзағай соғу, жер сілкінісі, жанартау атқылау, су тасқыны, цунами, құйын, дауыл және басқа дүлей апаттар;
- 11) жалпы апат бойынша залалдар, шығыстар және жарналар;

	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 9- бет
---	---	--	-----------------------------

12) жүкті құтқару мақсатында немесе, егер сақтандыру шарттары бойынша залал өтелуі тиіс болса, залалды азайту мақсатында жасалған барлық қажет және дұрыс шығындар;
в) **«Зақымдағаны үшін жауапкершіліксіз»**. Осындай шарттармен жасалған Сақтандыру шарты бойынша төменде көрсетілгендердің нәтижесінде бүкіл жүктің толығымен немесе жүктің бөлігінің жойылуынан келген залалдар өтеледі:

- 1) өрт немесе жарылыс;
- 2) кемені су басу, оның аударылуы, қайырға соғуы, жағаға соқтығысуы;
- 3) көлік құралдарының құлауы немесе өзара соқтығысуы, олардың жылжымайтын немесе жылжымалы заттарға соғуы, оның ішінде жер үстімен жүретін көлік құралының аударылуы немесе рельстерден шығып кетуі;
- 4) ұшу аппараттарының немесе солардың бөлшектерінің құлауы;
- 5) көпірлердің, тоннельдердің, басқа көлік коммуникацияларының, қойма жайларының және басқа ғимараттар мен құрылымдардың қирауы, оның ішінде бөгеттердің, құбыр жолдарының және жолдардың бұзылуы;
- 6) тау жынысының құлауы, топырақ көшкіні, жер беті учаскелерінің шөгуі, қар көшкіні, сел ағындары, найзағай соғу, жер сілкінісі, жанартау атқылау, су тасқыны, цунами, құйын, дауыл және басқа дүлей апаттар;
- 7) жалпы апат бойынша залалдар, шығыстар және жарналар;
- 8) жүкті құтқару мақсатында немесе, егер сақтандыру шарттары бойынша залал өтелуі тиіс болса, залалды азайту мақсатында жасалған барлық қажет және дұрыс шығындар.

5.4. Егер Жүкті сақтандыру шартында жүкті аралық қоймада сақтау немесе оны алу бекетінде уақытша сақтау қарастырылған болса, Тараптардың келісімімен, жекелеген сақтандыру сыйлықақылары үшін Жүкті сақтау кезінде оны жоғалту (жойылу), оның жетіспеуі немесе зақымдануы (бұзылуы) тәуекелінен сақтандыру шарты жасалуы мүмкін.

5.5. Сақтау тәуекелі үшін жауапкершілікпен жасалған шарт бойынша төменде көрсетілгендердің салдарынан бүкіл жүктің немесе бөлігінің жоғалуынан (жойылуынан) жетіспеуінен немесе зақымдануынан (бұзылуынан) келген залалдар өтеледі:

- 1) үшінші тұлғалардың заңға қайшы әрекеттері (ұрлық, тонау, қарақшылық, жүкті қасақана жою немесе зақым келтіру (бүлдіру)), бұл ретте сақтандыру төлемі кінәлі тұлғаларға қатысты заңды күшіне енген сот қаулыларының (актілерінің) негізінде жүзеге асырылады;
- 2) өрт, жарылыс;
- 3) топырақтың шөгуі;
- 4) құбырлардың жарылуынан су құбыры, кәріз, жылыту жүйелерінен аққан судың басуы;
- 5) дүлей апаттар.

5.6. Жүктерді сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтанушы әрі жоғарыда аталған барлық жағдайлардан, әрі жекелеген тәуекелдерден немесе олардың бөлігінен (тек өрт, жағдайынан, тек үшінші тұлғалардың заңға қайшы әрекеттерінен және т.с.с.) сақтандырылуы мүмкін.

5.7. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ оған келген залалдарды дәлелдеу міндеті Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 817-бабының 4-тармағына сәйкес Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) және Пайда алушыға жүктеледі.

6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

6.1. Егер сақтандыру жағдайы төменде көрсетілгендердің салдарынан орын алған болса, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара бас тартуға құқылы:

- 1) қажет қорғану және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған немесе оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттері;
- 2) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілермен белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себептік байланысы бар қасақана

	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 10-бет
---	---	--	-----------------------------

қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық әрекеттер деп танылған әрекеттері.

6.2. Егер сақтандыру жағдайы төменде көрсетілген оқиғалардың салдарынан орын алған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

- 1) ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивтік уланудың әсері, химиялық немесе бактериологиялық әсердің және/немесе улану;
- 2) кез келген түрдегі әскери қимылдар, азаматтық соғыс, кез келген түрдегі халық толқуы, жаппай тәртіпсіздіктер, ереуілдер, локауттар және солардың салдары; террорлық актілер, азаматтық немесе әскери биліктің, сондай-ақ кеден, санитарлық немесе карантин қызметтерінің өкімі бойынша мүлікті тартып алу, тәркілеу, оған тыйым салу, жою немесе зақымдау.

6.3. Сақтандырушы мен Сақтанушының келісімі бойынша осы Ереженің 40-тармағында көрсетілген жағдайлар сақтандыруға қабылданатын тәуекелдер қатарына жатқызылуы мүмкін. Мұндай жағдайда бұл ерекше шарттар үшін Сақтанушы қосымша төлем жасауы тиіс және Сақтандыру шартында көрсетілуі қажет.

6.4. Төменде көрсетілгендердің салдарынан туындаған бүкіл жүктің немесе оның бөлігінің жоғалуынан (жойылуынан) немесе зақымдануынан келген Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) залалдары сақтандыру қорғанысымен өтелмейді:

- 1) Сақтанушының немесе соның пайдасына Сақтандыру шарты жасалған үшінші тұлғаның (Сақтандырылушының, Пайда алушының) және Сақтанушымен, Пайда алушымен, тасымалдаушымен, жүкті жіберушімен, жүкті алушымен келісімшарттық қатынаста болған тұлғалардың сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталуына бағытталмаған болса да, тікелей немесе жанама түрде сақтандыру жағдайының басталуына әсер еткен пиғылы, салғырттығы;
- 2) Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) заңнамалық немесе басқа нормативтік актілермен белгіленген ережелерді және өрт қауіпсіздігі, жайлар мен құндылықтарды күзету, сақтау нормаларын, жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігін немесе өзге де ұқсас нормаларды бұзуы, егер мұндай бұзулар Сақтанушының келісімімен жүзеге асырылған болса;
- 3) Сақтанушының, Пайда алушының, жүкті жіберушінің, тасымалдаушының, экспедитордың, сақтаушылардың немесе олардың өкілдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған, Қазақстан Республикасы, халықаралық Шарттар ратификациялаған, (Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін) тасымалдаушының/экспедитордың ішкі ережелерімен және нұсқаулықтарымен, Сақтанушымен (Пайда алушымен жасалған Шарттармен бекітілген жүктерді қаптау, тасымалдау, экспедиторлық жұмысты атқару, қайта жүктеу, қайта жіберу немесе сақтау бойынша қолданыстағы ережелерді сақтамауы/лайықты сақтамауы;
- 4) егер Сақтандыру шарты жасалған сәтке дейін сақтандыру аумағы дүлей апаттар аймағы деп жарияланған болса, дүлей апаттар;
- 5) Сақтанушының, Пайда алушының немесе олардың өкілдерінің келісімімен, бірақ Сақтандырушының келісімінсіз, қауіпті жүктерді (жарылу қаупі бар, өздігінен өртенетін заттарды және бұйымдарды) сақтандырылған жүктермен бірге бір көлікке немесе бір сақтау орнына жүктеу (сақтау);
- 6) жүктің ерекше қасиеттері мен табиғи сапасы (ағып кету, булану тұтынушылық сапасының, салмағының, саны мен көлемінің жоғалуы, кеуіп кетуі, шашылып-төгіліп азаюы, желге ұшуы, тат басуы, шіруі және т.с.с.);
- 7) жүкті өңездердің, саңырауқұлақшалардың, құрттардың, кемірігіштердің, жәндіктердің немесе құстардың зақымдануы;
- 8) жүктегі өндірістік ақаулар және жүктің табиғи (нормативтік) тозуы;
- 9) трюмдегі (қоймадағы, багадағы) ауаның немесе қоршаған ортаның, оның ішінде температуралық режимнің бұзылуынан және (немесе) тоңазытқыш жабдықтың сынуынан, температураның кез келген түрдегі әсері;
- 10) жүктерді лайықты орналастырмау, қаптамау немесе тығындамау (оған жүктерді контейнерге орналастыруды қоса) және жүктерді зақымдаған күйде жіберу, ірілендірілген

	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 11-бет
---	---	--	-----------------------------

жүк орындарының қалыптастыруға қойылған талаптарды бұзу, жүкті тиісінше орналастырмау, сақтамау және бекітпеу;

11) жүктің сыртқа қамтамасы және жіберушінің, экспедитордың немесе жіберген станцияның контейнердегі, автофургондағы немесе вагондағы пломбасы бүтін бола тұра, жүктің жетіспеуі;

12) жүктің аномальдық жағдайда жоғалуы;

13) егер жүкті қайта қаптау қажет етілмесе, жүк сақталған жағдайда оның қаптамасының зақымдануы;

14) жүкті таразыға тартқан кезде салмақтағы алшақтықтар;

15) кемеңіз теңізбен жүреу алмауы, немесе кемеңіз, басқа көлік құралының немесе контейнердің сақтандырылуы тиіс жүкті қауіпсіз тасымалдауға жарамсыздығы, егер Сақтанушы немесе оның өкілдері жүктеуді аяқтаған сәтке дейін ол жөнінде білген немесе білуі тиіс болған болса;

16) нақты Сақтандыру шартымен келісілген көлік түрін жүкті тасымалдау үшін пайдалану;

17) пайдалануға рұқсаты болмаған көлік құралын жүкті тасымалдау үшін пайдалану;

18) егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, жүкті ашық, тиісті түрде жабылмаған жермен жүретін көлік құралына (теміржол вагоны, платформа, автомашина және т.с.с.), ашық кемеге, палубаға тиеу немесе аталған жүкті тасымалдау ережесімен көзделген жүктеу нормасынан асырып тиеу;

19) алаяқтық жолмен үшінші тұлғалардың жүкті ұрлауы, атап айтқанда, үшінші тұлғалар басқа тұлғаның атынан және (немесе) жалған құжаттармен әрекет еткен кезде;

20) жертөле немесе өзге де тереңдетілген жайларда уақытша сақтауда болған жүкке еденнен кемінде 20 см. арақашықтықта залал келтірген судың және басқа сұйықтықтардың әрекеті.

6.5. Жүктерді сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушыға келесілер үшін жауапкершілік артылады:

1) Сақтандыру шартында қарастырылған сақтандыру сомаларының көлемінен асатын зиянды өтеу туралы кез келген талаптар;

2) сақтандыру аумағынан тыс жерлерде келтірілген зиянды өтеу туралы талаптар;

3) моральдық залал немесе жіберіп алған олжа, арына, абыройына және іскери беделіне зиян келтіретін мәліметтерді (Сақтандырушының сақтандыру құпиясын сақтау міндетіне байланысты емес) таратудан келтірген зиян, Сақтанушы (пайда алушыны) жоғалту (оның ішінде өндірістің тоқтап қалуына байланысты айыппұлдар, тұрақсыздық төлемдері, залалдар, мүліктің тауарлық құнын/тауарлық көрінісін жоғалтуы, жіберіп алған олжа), қоршаған ортадан келген зиян;

4) жүкті жеткізуді кешіктіргеннен және бағалардың өзгеруінен келген залал, егер кешіктіру себебі сақтандыру оқиғасы болса да (бүкіл жүктің немесе бөлігінің зақымдануы, бүлінуі, ұрлануы және т.с.с.);

5) жүктерді тасымалдау және сақтау кезінде келтірілген үшінші тұлғалардың алдындағы ықтимал залал;

6) айыппұлдар және/немесе басқа да әкімшілік өндіріп алулар мен санкциялар;

7) Сақтанушының (Пайда алушының) барлық басқа жанама түрдегі залалдары.

6.6. Жоғарыда көрсетілген жағдайлардан басқа, «Шектеулі жауапкершілікпен» және «Зақымданғаны үшін жауапкершіліксіз» шарттарымен жасалған төменде көрсетілгендердің салдарынан бүкіл жүк немесе бөлігі жоғалған (жойылған) немесе зақымданған болса, ол оқиғалар Сақтандыру шартын бойынша сақтандыру жағдайы болып танылмайды және Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлемейді:

1) көлік құралының немесе жүктің булануы және жүктің атмосфералық жауындармен ылғалдануы;

2) жүктің жалпы сыртқы қаптамасы бүтін болу тұра, тараны ластау, бүлдіру немесе жүктің құрамдас бөліктерін қаптау нәтижесінде жүктің құнсыздануы;

3) үшінші тұлғалардың заңға қайшы әрекеттері (ұрлық, тонау, қарақшылық);

4) палубадағы жүкті немесе палубасы жоқ кемелерде тасымалданған жүкті борттың сыртына құлату және толқынның шайып кетуі;

5) жүкті жеткізбеу (толық жеткізбеу).

	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 12-бет
---	---	--	-----------------------------

6.7. Жүкті лихтермен, баржамен және басқа тасымалдау кемелерімен жеткізген уақытта, аталған кемелерді пайдалану жергілікті шарттар бойынша кәдуілгі болып табылған жағдайда ғана Сақтандырушыға жауапкершілік артылады.

6.8. Егер Сақтандыру шарттарымен басқалай көзделмеген болса, «Шектеулі жауапкершілікпен» және «Зақымданғаны үшін жауапкершіліксіз» шарттарымен сақтандырған кезде жануарлардың, құстардың қырылуынан келген және солармен болған жазатайым оқиғалардан келген, жүктің ағып кетуінен және сілкілеп азаюынан келген, әйнектің, фарфордың, фаянстың, керамиканың, мәрмәрдің, солардан жасалған бұйымдардың, әрқандай түрдегі кірпіштің және басқа да сынуы және шағылуы мүмкін бұйымдардың сынуынан және шағылуынан келген залалдар – ол залалдар кемелің немесе басқа көлік құралының қирауының салдарынан орын алған жағдайда ғана өтеледі.

6.9. Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту негізі болып келесілер табылады:

- 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объекті, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және соның салдары туралы әдейі жалған мәліметтерді хабарлауы;
- 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан келген залалдарды азайту бойынша шараларды қасақана қолданбау;
- 3) үшінші тұлғалардан, оның ішінде залал келтіргені үшін кінәлі тұлғадан мүліктік сақтандыру бойынша залалдың тиісті өтемақысын Сақтанушының (Пайда алушының) алуы;
- 4) Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын зерттеуіне және келген залалдың мөлшерін айқындауына Сақтанушының кедергі келтіруі;
- 5) осы Ережеде және Сақтандыру шартында көзделген мерзімдерде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарламау/уақытылы хабарламау. Егер сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту сақтанушының еркіне байланысты емес себептермен негізделген болса немесе сақтандыру шартымен дәлелді себептерге жатқызылған болса және аталған фактіні растайтын тиісті құжаттар ұсынылған болса, мұндай жағдай сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту үшін негіз болып табылмайды;
- 6) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталғаны үшін жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуі үшін қажет құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемін төленіп қойған болса, Сақтандырушы оны толығымен немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы;
- 7) егер сақтандыру жағдайы басталған сәтке Сақтандыру шарты күшіне енбеген немесе күшін жоғалтқан болса;
- 8) сақтандыру жағдайы құзырлы органдарда (Сауда-өнеркәсіптік палата, өрт сөндіру қызметі, ішкі істер органдары және т.с.с.) құжаттармен тіркелмеген болса;
- 9) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының осы Ережеде және Сақтандыру шартында келісілген шарттар мен шектеулерді сақтамауы;
- 10) апат комиссарын шақыру міндетін (сақтандыру шартында қарастырылған міндеттемелеріне сәйкес) орындамауы;
- 11) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған басқа жағдайлар.

6.10. Осы Ережеде көзделген себептер бойынша Сақтандырушыны Сақтанушыға сақтандыру төлемін төлеуден азат ету бір мезгілде Сақтандырушыны Пайда алушыға сақтандыру төлемін төлеуден де азат етеді. Мұндай жағдайда Пайда алушыға зиянды өтеу жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте зиян келтірген тұлғаға тікелей толығымен жүктеледі.

6.11. Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмесе, Сақтандыру шартының ережелерінде сақтандыру төлемін төлеуден бас тартудың басқа да негіздемелері қарастырылуы мүмкін.

6.12. Дауды сақтандыру омбудсманы реттеген жағдайда, Сақтанушы (Сақтандырылушы) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын басқа тұлға) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіпте және шарттармен сотта Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы жөнінде дауласуы мүмкін.

	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 13-бет
---	---	--	-----------------------------

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ

7.1. Д Сақтандыру шарты Сақтандыру шартында келісілген жүкті жіберу бекетінен алу бекетіне тасымалдау және оны сол бекеттерде сақтау кезеңіне жасалады.

7.2. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысы (Сақтандырушының жауапкершілігі) Сақтандыру шартында көрсетілген күннен бастап, бірақ жүкті тиеген (жүкті тасымалдаушы (аралас тасымалдау кезінде – алғашқы тасымалдаушы) қабылдап алған немесе экспедитор жауапкершілікке алған сәттен бұрын емес, басталады және төменде көрсетілген оқиғалардың қайсыбірі бұрын басталғанына қарай тоқтатылады:

- 1) жүкті алу бекетінде жүкті алушы жүкті қабылдап алған сәттен бастап;
- 2) жүк алу бекетіне келгеннен бастап 3 жұмыс күні өткеннен кейін;
- 3) Сақтандырушының Сақтандыру шартында көрсетілген жауапкершілігі аяқталған күн біткеннен бастап.

7.3. Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде Сақтанушы Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушыға хабарлаған мән-жайларда өзіне белгілі болған маңызды өзгерістер орын алса және ол өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына едәуір әсер етуі мүмкін болса, Сақтанушы ол жөнінде Сақтандырушыға шұғыл хабарлауға міндетті.

7.4. Тәуекел дәрежесінің өзгерістеріне келесідей мән-жайлар жатады:

- 1) жүкті жіберуді кешіктіру;
- 2) жүкті тасымалдаудың Сақтандыру шартында келісілген немесе жалпыға белгіленген бағытты өзгерту (белгіленген бағыттан ауытқу);
- 3) жүкті қайта тиеу, түсіру және жүкті жіберу бекеттерін өзгерту;
- 4) көлік түрін өзгерту;
- 5) жүкті жіберу тәсілін өзгерту;
- 6) лихтермен тасымалдау үшін кәдуілгі болып табылатын жерлерде жүкті лихтермен тасымалдау;
- 7) егер Сақтандыру шартында олай келісілмеген болса, жүкті кеменің палубасына орналастыру немесе оны ашық платформаларда тасымалдау;
- 8) басқа көлік құралына қайта тиеу;
- 9) жүкті тасымалдау және жеткізу мерзімдерін едәуір кешіктіру және т.с.с.;
- 10) жүкті Сақтандыру шартында келісілмеген қыстақта қалдыру;
- 11) Сақтандыру шартын жасау кезінде хабарланған мән-жайлардағы басқа өзгерістер.

7.5. Сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соқтыратын мән-жайлар туралы хабар алған Сақтандырушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің артуына сәйкес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

7.6. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтандырушы келесілерге құқылы:

- 1) өзінің шығындары үшін, оған сақтанушыларды тартуға кеткен шығындарын қоса, сақтандыру сыйлықақысы сомасының 25%-ы мөлшерінде өтемақы талап етуге;
- 2) сақтандыру қорғанысы қолданыста болған уақытқа тең сақтандыру сыйлықақысының бөлігіне.

7.7. Сақтанушы Сақтандыру шартында көзделген міндеттерін орындамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге және Сақтандыру шартын бұзуға байланысты келген залалдарды өтеуді талап етуге, ал егер сақтандыру жағдайы басталып кетсе – сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара бас тартуға құқылы.

7.8. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтанушының, Сақтандырылушының Сақтандыру шарттарын орындамауына негізделіп, Сақтандырушының талабымен Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзған кезде сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) қайтарылмайды.

7.9. Егер сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соқтыратын мән-жайлар жойылған болса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

7.10. Сақтандыру шарты – Шартта көрсетілген аумақта қолданылады.

	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 14-бет
---	---	--	-----------------------------

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

8.1. Сақтандыру шарты Сақтандырушы белгілеген формада және тиісті Сақтандыру шартының ажыратылмас бөлігі болып табылатын Сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде жасалады. Сақтанушы өтінішті толтыру кезінде қолында бар құжаттарды ұсынуға және Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және сақтандыру жағдайының басталуынан келетін ықтимал залалдардың мөлшерін айқындау үшін сақтандыруға қабылданып жатқан жүктерге қатысты өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы, оның ішінде жүктің тиесілігі, күй-жайына әсер ететін мән-жайлар, тауарлық көрінісі, сақталуы, тасымалдау бағыты, көлік түрі және т.б. туралы хабарлауға міндетті. Сақтанушы өзі берген деректердің шынайылығы үшін жауапты болады. Сақтандырушының шешімі бойынша Сақтандыру шарты Сақтанушы ұсынған құжаттардың негізінде жүкті тексермей-ақ жасалуы мүмкін.

8.2. Сақтандыру шарты интернет-ресурсы арқылы (онлайн) жасалуы мүмкін. Сақтандыру шартын интернет-ресурс арқылы жасауға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген.

8.3. Сақтандыру шарты Сақтандырушы біржақты тәртіпте әзірлеген осы Ережеге сақтанушыны қосу және сақтандырушының сақтанушыға электронды түрде сақтандыру полисін рәсімдеу арқылы жасалуы мүмкін. Сақтандыру полисі Сақтанушының қағаз/электронды түрде толтырылған өтінішінің негізінде рәсімделуі мүмкін.

8.4. Сақтандыру шартын жасағаннан кейін Сақтанушының тәуекел дәрежесін арттыруға әкелетін әрекеттерді жасауға құқығы жоқ.

8.5. Жүкті сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушы сақтандыруға қабылданып жатқан жүкке тексеру жүргізеді, ал қажет жағдайда – оның шынайы құнын анықтау мақсатында сараптама тағайындайды. Сараптама үшін төлем Тараптардың келісімімен белгіленеді. Сақтандыру шартын рәсімдегеннен кейін жоғарыда аталған құжаттар оның ажыратылмас бөлігі болып табылады.

8.6. Белгілі бір мерзім ішінде Сақтанушы мен Сақтандырушының келісімі бойынша жүктердің әркелкі партияларын ұқсас шарттармен жүйелі сақтандыру Бас Сақтандыру шартының негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

8.7. Бас Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушының жауапкершілігінің көлемі келесідей мөлшерлерде белгіленеді:

1) егер жүктер партиялармен (бөліп) тасымалданатын болса және бұл ретте әр партия (бөлік) үшін сақтандыру сомасы мен сақтандыру сыйлықақысы келісілетін болса, онда Бас Сақтандыру шартының қолданысына кіретін бір тасымалдау үшін Сақтандырушының жауапкершілігінің көлемі жүк партиясының сақтандыру сомасына тең болады;

2) егер жүк партиямен тасымалданатын болса, бірақ бұл ретте сақтандыру сомасы жиынтығында бүкіл жүкке белгіленген болса, онда жүктің әр партиясы бойынша Сақтандырушының жауапкершілігінің көлемі жүктің жалпы құнындағы жүк құнының меншікті салмағына қарай сол жүк партиясына келетін сақтандыру сомасына тең болады.

8.8. Тараптардың келісімі бойынша Бас Сақтандыру шартында Сақтанушының Сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде тасымалданатын барлық жүктеріне біртұтас тариф мөлшерлемелері мен франшизаның мөлшерлері қарастырылуы мүмкін.

8.9. Бас Сақтандыру шартында сақтандырудың түрлі шарттары бойынша сақтандыру өтемақылары қарастырылуы мүмкін. Бұл ретте, сақтандыру сомасын, сақтандыру сыйлықақысын және франшизаны Тараптар әр нақты жағдай үшін жеке-жеке келіседі.

8.10. Сақтанушы Бас Сақтандыру шартының қолданысына жататын әр жүк партиясына қатысты, сондай Сақтандыру шартымен келісілген (өтініш немесе декларация формасында) мәліметтерді Шартта қарастырылған мерзімде, ал егер қарастырылмаған болса, ол мәліметтерді алғаннан кейін шұғыл түрде Сақтандырушыға хабарлауға міндетті. Сақтанушы аталған мәліметтерді алған сәтте Сақтандырушы өтеуі тиіс залалдарды келу ықтималы жойылған болса да, Сақтанушы аталған міндеттен азат етілмейді.

8.11. Сақтандырушы Бас Сақтандыру шартының қолданысына жататын жекелеген жүк партиялары бойынша Сақтандыру шарттарын (полистерді) беруге міндетті. Сақтандыру

	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 15-бет
---	---	--	-----------------------------

шартының (полистің) мазмұны Бас Сақтандыру шартына сәйкес келмеген кезде Сақтандыру шартына (полиске) басымдылық беріледі.

8.12. Сақтандыру шартын жоғалтқан кезде Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде оған Сақтандыру шартының дубликатын беруге міндетті. Сақтандыру полисінің бланкісін әзірлеуге және оның дубликатын рәсімдеуге кететін шығындарды Сақтанушы өтейді, бұл ретте өтелетін шығындардың жалпы сомасы өтініш берілген күні Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген 0,5 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.

8.13. Сақтандырушы Сақтанушы хабарлаған мәліметтердің шынайылығын, сондай-ақ сақтандырылған жүктің күй-жайы мен құнын тексеруге құқылы. Сақтандыру шартын жасау сәтіне ақауы бар мүліктің детальдары үшін Сақтандырушы жауапты болмайды.

8.14. Сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс шарттардың толық болмағаны үшін жауапкершілік Сақтандырушыға жүктеледі.

8.15. Өтініш-сауалнамаға қол қойып, Сақтанушы өзі жүзеге асырып жатқан операция қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастырумен (жылыстатумен) және террорлық қызметті қаржыландырумен байланысты емес екенін растайды.

8.16. Сақтандыру шартын жасағаннан кейін Сақтандырушы сақтандыру шартын жасау мақсатында сақтандыру тәуекелін бағалау және Сақтандырушының сақтандыру шартын жасау туралы шешім қабылдауы үшін едәуір маңызы бар мән-жайлар туралы Сақтандырушыға әдейі жалған мәліметтерді хабарлағаны анықталса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

8.17. Егер Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайлармен салыстырғанда Сақтанушының жағдайын нашарлататын шарттар қамтылған болса, онда сол заңнамалық актілерде белгіленген ережелер қолданылады.

8.18. Сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс шарттардың толық болмағаны үшін жауапкершілік Сақтандырушыға жүктеледі. Сақтандыру шартының жекелеген ережелерінің толық болмауының салдарынан Сақтандыру шарты бойынша дау туындаған жағдайда, дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.

9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

9.1. Жүктерді сақтандыру шарты бойынша залал келесідей тәртізде айқындалады:

- 1) бүкіл жүк жоғалған немесе толығымен жойылған жағдайда сақтандыру төлемі Сақтандыру шартында көрсетілген франшизаны шегеріп тастап, сақтандыру сомасының мөлшерінде төленеді;
- 2) жүктің бөлігі жоғалған (жойылған) жағдайда сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандыру шартын жасау сәтінде қолданыста болған бағаларды қолдану негізінде есептелген, бүкіл жүктің сақтандыру құнына шаққандағы жоғалған (жойылған) жүктің құнының қатынасына тең сақтандыру сомасының үлесімен белгіленеді;
- 3) Жүктің және тасымалдау құралын жоғалту Сақтандыру шартымен өтелмейтін себептер бойынша орын алған жағдайларда қоспағанда, жүк тасымалдау көлігімен бірге жоғалған жағдайда сақтандыру төлемі бүкіл жүктің толығымен жойылуына тең мөлшерде төленеді;
- 4) жүк немесе оның қандай да бір бөлігі зақымданған жағдайда зақымданған жүктің құнын Сақтандырушы жүктің қосалқы бөлшектерінің, детальдарының, керек-жарақтарының тозуын және жөндеу жұмыстарын қайта қалпына келтіру құнын растайтын құжаттардың негізінде айқындайды. Бұл орайда:
 - а) жүктің зақымданған детальдары мен керек-жарақтарын жаңаларына ауыстыру – оларды жөндеу арқылы әрі қарай пайдалануға жарамды халге жеткізу мүмкін болмаған жағдайда және жүктің жалпы амортизациялық тозуын есепке ала отырып, есепке қабылданады;
 - б) сақтандырушы сақтандыру жағдайымен туындаған, жөндеу барысында анықталған және Сақтанушының қосымша калькуляция бойынша өтінішінің негізінде құжаттармен расталған жасырын зақымдар мен ақауларды жоюға байланысты шығындарын өтейді.

	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 16-бет
---	---	--	-----------------------------

9.2. Тиісті лицензиясы бар тәуелсіз сараптама ұйымы қалпына келтіру мақсатындағы жөндеу жұмыстарының тиімсіздігі анықталған жағдайда, сондай-ақ жүкті қалпына келтіру мақсатында жөндеу жұмыстарының құны – сақтандыру жағдайы басталған сәтте оның нарықтық құнының 75%-ынан асқан жағдайда мүлік (жүк) жойылуы – жүктің «толығымен жойылуы (жоқ болуы)» деп танылады.

9.3. Сақтандыру төлемдерінің мөлшері Сақтанушының немесе Пайда алушының жүкті қалпына келтіру бойынша шығындарынан аспауы және Сақтандыру шартында келісілген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс.

9.4. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандырушы залалдың мөлшерін жүргізілген тексерістің және өзі жасаған калькуляцияның негізінде, сақтандыру жағдайы басталған сәтте зақымданған жүктің құнын есепке ала отырып, айқындайды. Тараптардың әрбірі тәуелсіз сараптама жүргізуді талап етуге құқылы. Бұл орайда сараптама – оның бастамашысы болған тараптың есебінен жүргізіледі.

9.5. Тараптардың әрбірі қайта тәуелсіз сараптама жүргізуді талап етуге құқылы. Қайта сараптама оны жүргізуді талап еткен тараптың есебінен жүргізіледі.

9.6. Сақтандыру төлемі Сақтанушының сақтандыру төлемін төлеу туралы жазбаша өтінішінің және Сақтандырушы немесе оның уәкілетті тұлғасы әзірлеген актінің (қорытындының) негізінде жүзеге асырылады.

9.7. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, жүк сақтандыруға өзінің шынайы құнынан төмен сақтандыру сомасында қабылданған жағдайда, залалдың мөлшеріне қатысты сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасының сақтандырылған жүктің шынайы құнына шаққандағы қатынасына тең белгіленеді. Егер сақтандыру сомасы бір рет тасымалдау туралы Сақтандыру шартын немесе Бас Сақтандыру шартының ажыратылмас бөлігі болып табылатын Бір рет тасымалдау туралы сақтандыру шартын жасаған күнгі жүктің шынайы құнынан асатын болса, онда сақтандыру жүктің шынайы құнынан асатын бөлігінде жарамсыз болып табылады.

9.8. Егер Сақтанушы ретінде жүкті тасымалдаушы (экспедитор немесе көлік ұйымы) әрекет ететін болса, онда Сақтандырушының сақтандыру жауапкершілігінің мөлшері тасымалдаушының жүк иесінің алдындағы құжаттармен расталған нақты жауапкершілігінің мөлшерінен аспауы тиіс.

9.9. Егер Сақтанушы ретінде Жүкті сақтандыру шарты бойынша жауапкершілігі бар тұлға әрекет етсе, онда Сақтандырушының сақтандыру жауапкершілігінің мөлшері Сақтанушының жүк иесінің алдындағы құжаттармен расталған нақты жауапкершілігінің мөлшерінен аспауы тиіс.

9.10. Егер Сақтанушы (Пайда алушы) үшінші тұлғалардан залал үшін өтемақы алған болса, Сақтандырушы сақтандыру шарттары бойынша төлеуі тиіс сома мен үшінші тұлғалардан алған соманың арасындағы айырмашылық мөлшерінде жауапты болады.

9.11. Сақтандырылған жүктің шынайы құнының 75%-ынан асатын мөлшерде сақтандыру төлемін төлеген жағдайда, 9.2. тармаққа сәйкес Сақтандырушы Сақтанушыдан сақтандыру объектісін Сақтандырушының пайдасына шегінуді талап етуге құқылы. Сақтандырылған жүкке Сақтанушының құқықтарының Сақтандырушыға өтуі Сақтанушыны зияндар мен залалдарды минимумға жеткізу бойынша барлық қолдан келген шараларды қолдану міндетінен айырмайды.

9.12. Сақтандыру шарты бойынша төлемдердің жалпы сомасы Сақтандыру шартында келісілген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен төленеді.

9.13. Жүктерді сақтандыру шартының ережелерімен сақтандыру төлемін – сақтандыру төлемінің сомасы көлемінде залалдың заттай формадағы өтемақысымен ауыстыру қарастырылуы мүмкін.

9.14. Егер сақтандыру жағдайының факті бойынша уәкілетті мемлекеттік органдар қылмыстық іс қозғаған болса, онда Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдауды тергеу немесе сот органдарының тергеу нәтижелері және олардың процессуалды шешім қабылдағаны туралы құжатын алғанға дейін кейінге қалдыруға құқылы, ол жөнінде Сақтанушыға жазбаша түрде хабарлайды.

	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 17-бет
---	---	--	-----------------------------

9.15. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талап қою мерзімі ішінде Сақтанушыны (Пайда алушыны) сақтандыру төлемін алу құқығынан айыратын мән-жайлар анықталса, Сақтанушы (Пайда алушы) алған сақтандыру төлемінің сомасын Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

9.16. Жоғалған жүкті қайта алған Сақтанушы сақтандыру жағдайы бойынша алған сақтандыру төлемінің сомасын, Сақтанушыға залал келген болса, ішінара залалдың өтемақысын шегере отырып, 2 айлық мерзім ішінде Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

9.17. Егер шығындар Сақтандырушының нұсқауын орындау үшін қажет немесе жүзеге асырылған болса, жасалған шаралар сәтсіз болған болса да, сақтандыру жағдайының басталуына байланысты залалды азайту немесе оның алдын алу бойынша шығындарды Сақтандырушы өтеуі тиіс. Мұндай шығындарды Сақтандырушы сақтандыру сомасының көлік құралының шынайы (сақтандыру) сомасына шаққандағы қатынасына тең мөлшерде өтейді. Бұл ретте, сақтандыру төлемінің және шығындардың өтемақысының жалпы сомасы Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Көрсетілген шығындарды Сақтандырушы – ол шығындар келген тұлғаның өзіне өтейді.

9.18. Егер Сақтандыру шартында тікелей басқаша келісілмеген болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеу немесе сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешімді сақтандыру жағдайының басталғанын, оның басталу себептерін және сақтандыру төлемін алушының оны алуға құқығын растайтын қажет құжаттардың соңғысын ұсынған және тиісті сақтандыру актіні бекіткеннен кейін 15 (Он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей қабылдайды.

9.19. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдағаннан кейін 30 (Отыз) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін төлейді.

9.20. Егер сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған болса, Сақтандырушы ол жөнінде жазбаша түрде, бас тарту себебінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, 30 (Отыз) жұмыс күні ішінде хабар береді және Қазақстан Республикасының заңнамаларының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы бар екені туралы хабарлайды.

9.21. Төмендегідей жағдайларда Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуді кейінге қалдыруға құқылы:

- 1) егер сақтандырушының сақтандыру жағдайын растайтын құжаттардың шынайылығына уәжді күмәні болса – қажет дәлелдемелер ұсынылған сәтке дейін;
- 2) егер тиісті органдар Сақтанушыға (Сақтандырылушыға), оның жұмыскерлеріне немесе оның уәкілетті тұлғаларына қатысты қылмыстық іс қозғаған болса және сақтандыру жағдайының басталуы әкелген мән-жайларды тергеу шаралары жүргізіліп жатса – тергеу шаралары аяқталғанға дейін.

Сақтандыру төлемін төлеуді кейінге қалдыру туралы шешімді Сақтандырушы қабылдайды және уәжді негіздемелермен жазбаша түрде Сақтанушыға хабарлайды.

9.22. Сақтандыру жағдайы бойынша тиісті органдар қылмыстық іс қозғаған жағдайда, сақтандыру төлемі белгіленген тұлғаларға қатысты заңды күшіне енген сот қаулыларының (актілерінің) негізінде жүзеге асырылады.

9.23. Сақтанушы осы Сақтандыру ережесіне сәйкес Сақтандырушының өтеуі тиіс залалдар бойынша барлық өтемақылар туралы Сақтандырушыға ақпарат беруге міндетті.

9.24. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған талап ету мерзімі ішінде заң бойынша және осы Ережеге сәйкес Сақтанушыны (Пайда алушыны) сақтандыру төлемін алу құқығынан толығымен немесе ішінара айыратын мән-жайлар анықталса, Сақтанушы немесе Пайда алушы алған сақтандыру төлемін (оның тиісті бөлігін) Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

9.25. Сақтандыру төлемін төлегеннен кейін, Сақтандырушы төленген сақтандыру төлемінің мөлшеріне азайтылған сақтандыру сомасының көлемінде жауапкершілік атқаруды жалғастырады.

	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 18-бет
---	---	--	-----------------------------

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

10.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы міндетті:

- 1) сақтандыру жағдайынан келген залалдарды азайту үшін барлық қолдан келген шараларды, оның ішінде сақтандырылған мүлікті құтқару шараларын қолдануға;
- 2) шұғыл түрде, бірақ залалды анықтаған сәттен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей, ол жөнінде Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға. Егер Сақтанушы дәлелді себептермен сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға белгіленген мерзімдерді хабарлай алмаған болса, онда ол себебін құжаттармен растауы тиіс;
- 3) болға жағдай туралы шұғыл түрде хабарлауға және сақтандыру жағдайы деп танылатын оқиғаны қарау солардың құзырына жататын құзырлы органдар мен ұйымдарға (ішкі істер органдары, Сауда-өнеркәсіп палатасы, өрт сөндіру органдары, ТТ жөніндегі органдар және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа да құзырлы органдар мен ұйымдар) оқиғаны құжаттармен тіркеуге;
- 4) Сақтандырушының өкіліне зақымданған жүкке бақылап тексеру немесе тексеріс жүргізуге, залалдың себептері мен мөлшеріне қатысты зерттеу жүргізуге, залалды азайту бойынша іс-шараларға қатысуға мүмкіндік беруге;
- 5) зақымданған жүкке Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізбеуге;
- 6) құтқару жұмыстарын ұйымдастыру бойынша, сондай-ақ залалды азайту мақсатында жасалған әрекеттерді қоспағанда, Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған әрекеттер жасамауға, сондай-ақ Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз сақтандыру жағдайына қатысы бар қандай да бір міндеттемелер алмауға, қандай да бір ұсыныстарды мойындамауға, қабылдамауға, төлемдер жасамауға және қандай да бір төлемдер жасауға уәде бермеуге;
- 7) залалдың туындау мән-жайларын көрсете отырып, белгіленген формада сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жазбаша өтініш беруге, сондай-ақ Сақтандырушы сұратқан, сақтандыру оқиғасының себептерін анықтау және залалдың мөлшерін айқындау үшін қажет барлық құжаттарды беруге;
- 8) өзінде бар, келтірілген залал үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын жүзеге асыру үшін қажет барлық құжаттарды Сақтандырушыға беруге. Егер Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығынан Сақтанушы бас тартса, немесе ол құқықты жүзеге асыру Сақтанушының кінәсінен мүмкін болмай қалса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толығымен немесе тиісті бөлігінде төлеуден азат етіледі және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

11.1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемін төлеу туралы талап қойылған жағдайда Сақтанушы (Пайда алушы) келесілерді құжаттармен растауы тиіс:

- 1) сақтандырылған жүктегі өзінің мүліктік мүддесі;
- 2) сақтандыру жағдайының басталу факті;
- 3) залалдың мөлшері.

11.2. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, төменде көрсетілген құжаттар – сақтандыру жағдайының басталған фактін және залалдардың мөлшерін растайтын құжаттар болып табылады:

а) сақтандырылған жүктегі мүддесін дәлелдеу үшін – жүкке көлік жүкқұжаттарының түпнұсқалары (коносамент, теңіз жүкқұжатты, авиа-, т/ж немесе авто жүкқұжаттар және басқа тасымалдау құжаттары), Сатып алу-сату шарттары, жүкқұжаттар мен шот-фактуралар, егер сол құжаттарға сәйкес Сақтанушы (Пайда алушы) жүктерге өкім

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 19-бет
--	--	--	---------------------

жүргізуге құқылы болса; фрахтты сақтандырған кезде – чартер-партиялар мен коносаменттер.

б) *сақтандыру жағдайының басталу фактін дәлелдеу үшін көлік құралының түріне қарай келесідей құжаттар ұсынылады:*

1) теңіз жолымен тасымалдаған кезде – теңіз протесті, кеме журналынан үзінді көшірме, апат сертификаты, жалпы апат туралы диспашер акті және сақтандыру жағдайының себептері мен басталу фактін растайтын басқа құжаттар.

2) темір жолымен тасымалдаған кезде – коммерциялық акті, жалпы формадағы акті, теміржол жүкқұжаты залал туралы белгісімен, жүкті алатын станция бастығын залал туралы өтініш, Сауда-өнеркәсіп палатасының қорытындысы және сақтандыру жағдайының себептері мен басталу фактін растайтын басқа құжаттар.

3) автомобильмен тасымалдаған кезде – коммерциялық акті, сараптама акті, Сауда-өнеркәсіп палатасының қорытындысы және өзге акт, уәкілетті органның жол-көлік оқиғасы, автомобиль көлігінің ұрланғаны немесе автомобиль көлігіне және/немесе сақтандырылған жүкке қатысты басқа да заңға қайшы әрекеттер жасалғаны туралы хаттамасы және сақтандыру жағдайының себептері мен басталу фактін растайтын басқа құжаттар.

4) әуе жолымен тасымалдау кезінде – оқиға туралы белгісі бар жүктің жүкқұжаты, коммерциялық акт және сақтандыру жағдайының себептері мен басталу фактін растайтын басқа құжаттар.

в) *залалдың мөлшерін дәлелдеу үшін* – коммерциялық акт, Сақтандырушының жүкке тексеріс жүргізуге уәкілетті берілген өкілінің (апат комиссарының) жүкті тексеру акті, сараптама, бағалау актілері және залал анықталған жердің заңдарына немесе іскери айналым дәстүрлеріне сәйкес әзірленген ұқсас құжаттар, сақтандыру жағдайы басталған кезде залалдардың алдын алу немесе оларды азайту мақсатында Сақтанушыға, Пайда алушыға келген залалдарды растайтын құжаттар (залал бойынша шоттар, ал жалпы апат бойынша залалдарды өтеу туралы талап қойылған жағдайда – құжаттармен негізделген есептеме немесе диспаша).

11.3. Оқиғаның түріне қарай: құзырлы органдардың тиісті құжаттарының түпнұсқалары немесе уәкілетті тұлғалары куәландырған көшірмелері:

1) жол-көлік оқиғасы немесе басқа көлік оқиғасы кезінде: жол полициясы органдарының құжаттары (Жол жүру ережесін бұзғаны туралы хаттама, әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулы, ЖКО схемасы, Жол жүру ережесін бұзғаны туралы хаттамаға толықтыру, ЖКО қатысушыларының жол полициясы органдарына жазған түсініктемелері, ЖКО қатысушыларының медициналық куәландыру хаттамалары), сот қаулылары, ішкі істер органдарының, комиссиялардың, тергеу, сыныптандыру және көлік құралдарының есебін жүргізетін өзге де құзырлы органдардың құжаттары;

2) өрт, жарылыс, найзағай соққан, дүлей апаттар кезінде: өрт қауіпсіздігі және құқық қорғау органдарының, гидрометеозықметтің, апат қызметінің, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттік бөлімшелерінің, мемлекеттік комиссиялардың, Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылып жатқан оқиғаларға тергеу, сыныптандыру және есеп жүргізетін өзге құзырлы органдардың немесе сақтандыру жағдайының басталу фактін растайтын актілер, қорытындылар, өзге де құжаттар;

3) үшінші тұлғалар заңға қайшы әрекет жасаған кезде – прокуратура, тергеу, жауап алу органдарының, сот органдарының, өртті қадағалау органдарының құжаттары (қылмыстық іс қозғау туралы қаулы, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулы, қылмыстық істі уақытша тоқтату туралы, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы), оқиға орнын тексеру хаттамасы, айыпталушы ретінде тарту туралы қаулы, сот үкімі) Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылып жатқан оқиғаларға тергеу, сыныптандыру және есеп жүргізетін құзырлы органдар (комиссиялар) әзірлеген немесе сақтандыру жағдайының басталу фактін растайтын өзге құжаттар;

4) кеме (көлік құралы) хабар-ошарсыз жоғалып кеткен жағдайда: кемеңіз (көлік құралының) шығу портынан (бекетінен) жолға шыққан уақыты туралы, сондай-ақ оның

	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 20-бет
---	---	--	-----------------------------

кемені (көлік құралын) хабар-ошарсыз жоғалған деп тану үшін белгіленген мерзімде бару жеріне оның келмегені туралы сенімді куәландырулар.

11.4. Сақтанушы Сақтандырушыға ұсынатын құжаттар:

- 1) Сақтандыру шарты;
- 2) белгіленген формадағы өтініш;
- 3) тәуелсіз сарапшы әзірлеген келген зиянның мөлшерін бағалау бойынша құжаттар (қажет жағдайда);
- 4) Сақтандырушы келген залал үшін жауапты тұлғаға кері талап қоюы үшін қажет құжаттар;
- 5) Сақтанушының және Сақтандырылушының жеке басын куәландыратын, мемлекеттік деректер қорымен/БСДҚ-мен салыстырып тексерілген немесе құжаттың түпнұсқасымен тексерілген деректер (жеке тұлғалар үшін), тіркеу туралы куәліктің көшірмесі, Сақтандырылушының және Пайда алушының БСН (занды тұлғалар үшін);
- 6) банктік деректемелерін көрсете отырып, сақтандыру төлемін аудару туралы өтініш;
- 7) егер сақтандыру факті бойынша қылмыстық іс жүргізіп жатқан органдар (бұдан әрі – органдар) қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қарастырған болса, Сақтандырушы Сақтанушыдан қылмыстық іс қозғау, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту, қылмыстық істі уақытша тоқтату немесе тоқтату туралы қаулылардың көшірмесін сұратуға немесе тиісті сауалхатты өзі дербес органдарға жіберуге құқылы.

11.5. Құжаттарды қабылдап алған Сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізімі мен оларды қабылдап алған күн көрсетілген анықтама беруге міндетті.

11.6. Сақтанушы құжаттарды бермеген жағдайда Сақтандырушы шұғыл түрде, 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

11.7. Егер жүкті қабылдау кезінде жүкті алушы тасымалдаушыға жүктің жетіспегені немесе зақымданғаны туралы жазбаша мәлімдеме жасамаса, онда ол жүкті Тасымалдау шартының (коносаменттің, тауар-көлік немесе теміржол жүкқұжатының және т.с.с.) талаптарына сәйкес алған болып саналады. Егер жүктің жетіспеуі немесе зақымдануы жүкті қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталмаған болса, тасымалдаушыға мәлімдеме жүкті алған күннен бастап үш күн ішінде жасалуы тиіс. Егер жүкті алушы тасымалдаушыға ондай мәлімдемені белгіленген мерзімде жасамаса, ол әрекет Сақтанушының алдында Сақтандырушының сақтандыру жауапкершілігі туралы наразылықты қабылдамау үшін негіздеме болып табылады.

11.8. Егер сақтандыру жағдайының факті бойынша қылмыстық іс жүргізіп жатқан органдар (бұдан әрі – органдар) қылмыс іс қозғау туралы мәселені қарастырған болса, Сақтандырушы қылмыстық іс қозғау, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту, қылмыстық істі уақытша тоқтату немесе тоқтату туралы қаулының көшірмесін сұратуға немесе тиісті сауалхатты өзі дербес органдарға жіберуге құқылы. Сақтанушы, Сақтандырылушы және/немесе Пайда алушы осы тармақтың талаптарын орындамаған кезде Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы.

11.9. Сақтандырушы жоғарыда көрсетілген құжаттар тізімін қысқартуға немесе егер сол құжаттардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу фактін анықтауға және залалдың мөлшерін айқындауға мүмкіндік бермесе, (Сақтандырушының уәкілетті органы бекіткен және Сақтандыру шартын жасаған/полисті рәсімдеген күні қолданыста болған және vis.kz сайтында жарияланған) Жүктерді ерікті сақтандыру ережесінде айтылған қосымша құжаттарды сұратуға құқылы.

12. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

12.1. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, Сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) сақтандыру төлемін Ережеде және Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде уақытылы алуға;
- 3) Сақтандырушымен келісе отырып, Сақтандыру шартына өзгертулер енгізуге;

	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 21-бет
---	---	--	-----------------------------

4) Сақтандырушымен келісе отырып, сондай-ақ Сақтандыру шартында келісілген болса, онда Пайда алушының келісімімен, Пайда алушыны немесе Сақтандырылушыны ауыстыруға;

5) егер Қазақстан Республикасының заңдарымен және сақтандыру шартымен басқалай көзделмеген болса, кез келген уақытта сақтандыру шартынан бас тартуға;

6) Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы жайлы сот тәртібінде шағымдануға;

7) Ережеде және Сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте және шарттармен Сақтандыру шартын бұзуға;

8) сақтандыру жағдайлары туындаған кезде тиісті органдарда өзінің мүддесін қорғау үшін Сақтандырушының өкіліне құқық беруге.

12.2. Сақтанушы міндетті:

1) Сақтандыру шартын жасау кезінде өзіне белгілі болған, сақтандыру тәуекелінің басталу ықтималдығын бағалау үшін маңызды мәні бар барлық мән-жайлар туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

2) Сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде аталған сақтандыру объектіне қатысты қолданыста болған басқа жасалған және жасалып жатқан Сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

3) сақтандыру сыйлықақысын Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге;

4) сақтандырылған жүк туралы барлық мәліметтерді Сақтандырушының талабы бойынша Сақтандырушыға беруге;

5) Сақтандырушының уәкілетті өкілінің талабы бойынша жүкті соның тексеруіне ұсынуға;

6) шұғыл түрде, бірақ әрқандай жағдайда да 24 сағаттан кешіктірмей, тәуекел дәрежесінің артуына байланысты Сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде орын алған барлық маңызды өзгерістер туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

7) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

8) Сақтандырушының сұратуы бойынша, сақтандыру жағдайына байланысты мәліметтерді, оған коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді Сақтандырушыға хабарлауға;

9) сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;

10) сақтандыру жағдайларының алдын алу үшін барлық қолдан келген және дұрыс шараларды қолдануға, белгіленген және жалпыға қабылданған қауіпсіздік ережелері мен нормаларын сақтауға, сақтандырылған жүктің сақталуын қамтамасыз етуге;

11) сақтандыру тәуекелінің күй-жайы туралы Сақтандырушыға ақпарат беруге;

12) жүкті жіберушінің көлік құралының агрегат нөмірлерін, көлік құралының жүргізушілері туралы деректерді (фото-бейне тіркелімдермен) салыстырып тексеруге міндетті;

13) шұғыл түрде, әрқандай жағдайда да 1 жұмыс күнінен кешіктірмей, сақтандырушыға тасымалдау шарттарындағы келесідей өзгерістер (жүктің бағытталу бағытының өзгеруі, жүкті басқа көлік құралына қайта тиеу, жүкті бағытталу жолы бойынша түсіру) туралы хабарлауға.

Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы тармақта көрсетілген талаптарды орындамаған кезде Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы.

12.3. Сақтандыру шартында Сақтанушының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

12.4. Сақтандырушы құқылы:

1) Жүктерді сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға;

2) сақтандыру сыйлықақысын Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес уақытылы алуға;

	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 22-бет
---	---	--	-----------------------------

- 3) Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан келетін ықтимал залалдың мөлшерін (сақтандыру тәуекелі) анықтау үшін маңызды мәні бар мән-жайлар туралы мәліметтерді алуға, егер ол мән-жайлар Сақтандырушыға белгілі болмаса және белгілі болмауы тиіс болса (маңызды мәліметтер сақтандыру туралы өтініште көрсетіледі);
- 4) сақтандыру тәуекелін бағалауға, оған сақтандыру объектісін тексеруді қоса, артынан акті жасау және оған міндетті түрде Сақтанушының қол қоюы арқылы;
- 5) Сақтанушы хабарлаған ақпаратты, сақтандыру объектінің сипаттамасына сәйкестігін тексеруге, сондай-ақ Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) Сақтандыру шартының талаптары мен шарттарын орындауын талап етуге;
- 6) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақытылы хабар алуға;
- 7) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы құжаттармен растаманы алуға;
- 8) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғалардың себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға;
- 9) қажет жағдайда құзырлы органдарға сақтандыру жағдайының басталу факті және себептерін растайтын тиісті құжаттар мен ақпараттарды беру туралы сауалхат жіберуге;
- 10) Сақтанушыдан залал туралы хабарлама-хаттың келуін күтпей, зақымданған жүкті тексеруге кірісуге;
- 11) сақтандыру жағдайының басталуына кінәлі тұлғаға кері талап қою құқығын білдіруге;
- 12) сақтандыру жағдайы туралы актіні жасауға қатысуға және оған қол қоюға;
- 13) құзырлы органдардан сақтандыру жағдайына және Сақтанушының кінәсінің дәрежесіне байланысты мәліметтерді сұратуға;
- 14) осы Ережеде және Сақтандыру шартында көзделген жағдайларда Сақтанушы өз міндеттерін орындамаған жағдайда Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 15) егер Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін арттыратын мән-жайлар туралы белгілі болған болса, Сақтандыру шартының ережелерін өзгертуді және артқан сақтандыру тәуекеліне тең етіп қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге;
- 16) Сақтанушының әділетсіз іс-қимылдарының белгілері анықталған (айқындалған) кезде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін төлеуді уақытша тоқтату туралы хабарлама жіберіп, уақытша тоқтатқан күннің ертесі күнінен бастап тиісті тексеріс жүргізу туралы көрсетіп, Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына сәйкес сақтандыру төлемін 30 (отыз) күнтізбелік күнге дейін уақытша тоқтатуға;
- 17) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғалардың себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға, оның ішінде тиісті құзырлы органдар мен ұйымдардан, олардың құзырына қарай, сақтандыру жағдайының басталу факті мен келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 18) аталған мүліктің сақтандыру жағдайы басталған күнгі нарықтық құнының мөлшерінде сақтандыру төлемін төлеген жағдайда мүлікке немесе оның қалдықтарына құқылы;
- 19) Сақтандыру шартында қарастырылған негіздер бойынша сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға.

12.5. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны Сақтандыру ережелерімен таныстыруға және соның талабы бойынша Ереженің көшірмесін беруге (жіберуге);
- 2) жүкті сақтандыруға қабылдаған жағдайда Сақтанушымен Сақтандыру шартын рәсімдеуге;
- 3) «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 15-2. бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші абзацына сәйкес Интернет-ресурсын және (немесе) басқа ұйымдардың Интернет ресурсын пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинауды және өндеуді жүзеге асыру кезінде дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етуге;
- 4) сақтандыру төлемін төлеу туралы немесе сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешімді Сақтандыру ережесінде көзделген мерзімдерде қабылдауға, егер

	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 23-бет
---	---	--	-----------------------------

Сақтандыру шартында тікелей басқаша келісілмеген болса, тиісті сақтандыру актің бекітуге және сақтандыру төлемін төлеуге;

5) қажет жағдайларда, сақтандыру актің жасау кезінде залалдардың себептерін, көлемін және жүктің құнын айқындау үшін мамандарды (сарапшыларды) шақыруға;

6) егер Сақтандыру шартында тікелей басқаша келісілмеген болса, сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда ол жөнінде Сақтанушыға Сақтандыру ережесінде көзделген тәртіпте және мерзімдерде хабарлауға;

7) Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру жағдайы болған кезде залалдарды азайту үшін жұмсаған қажетті және дұрыс шығындарды оған өтеуге;

8) сақтандыру құпиясын сақтауға.

12.6. Сақтандыру шартында Сақтандырушының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

13.1. Сақтандыру шарты келесідей жағдайларды тоқтатылады:

- 1) Сақтандыру шартының қолданыс мерзімінің аяқталуына байланысты;
- 2) сақтандыру төлемін сақтандыру сомасы мөлшерінде төлеген жағдайда;
- 3) сақтандыру тәуекелінің дәрежесі артқан жағдайда сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге және/немесе қосымша сыйлықақы төлеуге келіспеген жағдайда.
- 4) сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын төлеуді кешіктірген жағдайда.

13.2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздемелерінен басқа, Сақтандыру шарты төмендегідей жағдайларды мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) сақтандыру объектісі жойылған жағдайда;
- 2) сақтанушы мүлктік сақтандыру объектісін адалаған жағдайда, егер сақтандырушы сақтанушыны ауыстыруға қарсы болса, ал Сақтандыру шартында басқа шарттар көзделмеген болса;
- 3) сақтандыру жағдайының басталу ықтималы жойылған болса және сақтандыру жағдайынан басқа жағдаяттар бойынша сақтандыру тәуекелі тоқтаған болса;
- 4) сақтандырушыны мәжбүрлі тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда.

13.3. Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіздеме ретінде қарастырылған жағдаяттар туындаған сәттен бастап Сақтандыру шарты тоқтатылған болып саналады және ол жөнінде мүдделі Тарап шұғыл түрде екінші Тарапқа хабарлайды.

13.4. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтанушының, Сақтандырылушының Сақтандыру шартының талаптарын орындамауына байланысты Сақтандырушының талабы бойынша Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде бұрын төленген сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) қайтарылмайды.

13.5. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Сақтандырушы келесілерге құқылы:

- 1) өзінің шығындарының өтелуіне, оған сақтанушыларды тартуға кеткен шығындарды қоса, сақтандыру сыйлықақысы сомасының 25%-ы мөлшерінде;
- 2) сақтандыру қорғанысының қолданыс уақытына тең мөлшердегі сақтандыру сыйлықақысының бөлігіне.

13.6. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда, егер бас тарту 13.1. тармақта көрсетілген жағдаяттарға байланысты болмаса, сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары сақтанушыға қайтарылмайды.

13.7. Сақтанушы – жеке тұлға Сақтандыру шартын жасаған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде одан бас тартқан жағдайда Сақтандырушы алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең мөлшерде сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (Он) пайызын құрайтын

Сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығыстарды шегере отырып, Сақтанушыға-жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.

13.8. Қарыз шарты бойынша қарыз берушінің алдындағы міндеттемелерін оның (қарыз алушының) орындауы себебінен қарыз шартына байланысты Сақтандыру шартынан Сақтанушы – жеке тұлға бас тартқан жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға – жеке тұлғаға сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және Сақтандыру шартына байланысты алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (Он) пайызын құрайтын шығыстарды шегере отырып, алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) қайтаруға міндетті.

13.9. Егер Сақтандыру шарты Тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса, онда сақтанушы осы Ереженің 13.5. тармағының талаптарын ескере отырып, келесідей мөлшерлерде сақтандыру сыйлықақысының бөлігін қайтарып алуға құқылы:

Сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап оны мерзімінен бұрын тоқтатқанға дейінгі мерзім	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-ымен)
15 күнге дейін	15,0
16 күннен 1 айға дейін	20,0
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам уақыт	100,0

13.10. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен және сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтанушы Сақтандыру шартын ықтимал бұзу күнінен 30 (Отыз) күнтізбелік күн бұрын міндетті түрде Сақтандырушыға хабарлап, сондай шешімнің себептерін көрсете отырып, кез келген уақытта Сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы.

13.11. Егер Сақтандыру шарты оны жаңа мерзімге қайта жасау арқылы мерзімінен бұрын бұзылып жатса, Сақтандырушы өзіне келген шығындарды есепке ала отырып, сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін қайта есептеуге және бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының қалдығын жаңа Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының есебіне жазуға құқылы. Бұл ретте, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сома қалдығын шегере отырып төлейді.

13.12. Бір рет тасымалдау туралы шарт Бас Сақтандыру шартына байланыстырылмаса, онда ол сақтандыру төлемі төленген күннен бастап тоқтатылған болып саналады.

13.13. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін Сақтандыру шартын бұзудың басқа негіздемелері мен шарттары да қарастырылуы мүмкін.

13.14. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзудың барлық жағдайларында Сақтанушы қолданысы Сақтанушының Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын бұзу туралы жазбаша өтініші келіп түскен және/немесе Сақтанушы (Сақтандырылушы) заңнамада және осы Ережеде көзделген өз міндеттерін орындамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартының

	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 25-бет
---	---	--	-----------------------------

қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған сәттен бастап тоқтатылатын Сақтандыру шартын (полисті) Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

14. КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

14.1. Сақтанушының залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы Сақтандыру келісімшарты бойынша сақтандыру төлемін төлеген Сақтандырушыға сол соманың шеңберінде өтеді. Сақтанушы сақтандыру төлемін алғанға дейін өзіндегі сол талаптың құқығын іске асыру үшін қажет құжаттарды сақтандырушыға беруге міндетті.

14.2. Сақтанушы жоғарыда көрсетілген тұлғаға кінәрат қоюдан немесе оған талабын іске асыруды қамтамасыз ететін құқықтардан бас тартқан кезде, сондай-ақ Сақтандырушыға кері талап қою үшін қажет құжаттарды беруден бас тартқан кезде Сақтандырушы залал келтірген тұлғадан кері талап тәртібінде өндіріп алуы мүмкін сақтандыру төлемінің бөлігін төлеуден азат етіледі.

14.3. Сақтанушы сақтандыру төлемі көлемінен асатын залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығын азаматтық заңнамада белгіленген тәртіпте Сақтандырушыға шегінуге, сондай-ақ ол тұлғаға өзге талаптарды шегінуге құқылы.

14.4. Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін, Сақтандырушының келісімімен, сақтандырылған мүлікке және сақтандыру төлемін сақтандыру сомасының көлемінде алуға өз құқықтарын Сақтандырушыға шегінуі мүмкін.

15. ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ

15.1. Сақтанушы Сақтандырушыда тәуекелдерді сақтандыруға қатысты басқа сақтандыру ұйымдарымен жасалған барлық сақтандыру келісімшарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауы тиіс.

15.2. Екі жақты сақтандырған кезде әр Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемін өзімен жасаған келісімшартқа сәйкес төлейді, алайда Сақтанушының барлық Сақтандырушылардан алатын сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиіс.

15.3. Келген залалды басқа Сақтандырушылардың өтеуіне байланысты сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара азат етілген Сақтандырушы келген шығындарды алып тастап, сақтандыру сыйлықақысының тиісті бөлігін Сақтанушыға қайтаруға міндетті.

16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

16.1. Осы Ережеде тікелей реттелмеген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.

16.2. Сақтандыру шартын іске асыру барысында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешеді. Егер келіссөздер нәтижелі болмаса, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте, Сақтандырушы орналасқан жер бойынша Шарттық соттылыққа сәйкес шешіледі.

17. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

17.1. Осы Ереженің шарттарымен жасалған Сақтандыру шартының ережелерін өзгерту немесе Сақтандыру шартына толықтырулар енгізу Сақтанушы мен Сақтандырушының өзара келісімі бойынша енгізіледі. Сақтандыру шартында өзгертулер енгізу үшін Пайда алушының міндетті түрде келісімін алу қажеттілігі де қарастырылуы мүмкін. Сақтандыру шартына енгізілетін барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, қосымша келісім арқылы рәсімделеді. Егер келісімде басқалай айтылмаған болса, өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілген Сақтандыру шарты екі Тарап та қосымша келісімге қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 26-бет
---	---	--	-----------------------------

17.2. Сақтандырушыдағы Сақтандыру шартының редакциясы мен Сақтанушыдағы Сақтандыру шартының редакциясы арасында сәйкессіздіктер болған жағдайда Тараптардың келісімімен Сақтандырушы Сақтанушыдағы Сақтандыру шартының редакциясын қабылдауға құқылы.

17.3. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар келесідей жағдайларда енгізіледі:

- 1) Сақтанушыны, Сақтандырылушыны, Пайда алушыны, сақтандыру объектісін ауыстырған кезде;
- 2) сақтандыру тәуекелінің дәрежесін өзгерткен кезде;
- 3) Сақтандыру шарты бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттерін өзгерткен кезде;
- 4) сақтандыру талаптары мен Сақтандыру шартының ережелерін өзгерткен кезде.

17.4. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқалай белгіленбеген болса, бұл Ережеге өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, өзгертулер мен толықтыруларды Сақтандырушының Директорлар кеңесі міндетті түрде бекітуі арқылы енгізіледі.

17.5. Өзінің қолтаңбасымен Сақтанушы келесілерді Қазақстан Республикасының №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес Сақтанушының, Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына, өңдеуіне, сақтауына және беруіне өз келісім бергенін, сондай-ақ Сақтандырылушының (Пайда алушының) келесілерге келісім бергенін растайды:

- 1) Сақтандырушының «Мемлекеттік кредиттік бюро» Акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – Бюро) деректерді алуға;
- 2) мемлекеттік деректер қоры иелерінің Бюроға Сақтанушы (сақтандырылушы, Пайда алушы) туралы ақпаратты тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;
- 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет атқаратын заңды тұлғаға Сақтанушы, Сақтандырылушы (Пайда алушы) туралы өзінде бар және келешекте келіп түсетін ақпаратты Бюроға және Бюро арқылы Сақтандырушыға беруге;
- 4) дербес деректерді шекара асырып беруге және дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге;
- 5) Сақтандырушының қызметі мақсатын жалпы іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 830-бабының 4-тармағына сәйкес Сақтандырушының сақтандыру құпиясын ашуына.

17.6. Сақтандырушы дербес деректерді сақтау мерзімін келешекте дербес деректерді сақтаудың қажеттілігі қалмағанша белгілейді. Дербес деректер Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ Сақтандырушының жалпы қызмет мақсаттарын іске асыру үшін пайдаланылады.

17.7. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) жазбаша келісімін, оның ішінде Ереженің 17.5. тармақтың 1)-5) тармақшаларында көрсетілген келісімін талап етуге міндетті.

17.8. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісімінің, оның ішінде Ереженің 17.5. тармақтың 1)-5) тармақшаларында көрсетілген келісімінің болмағаны үшін жауапты болады.

17.9. Қажет жағдайда Сақтанушы Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар жөніндегі заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында Сақтандырушы сұратқан барлық қажет құжаттарды беруге міндеттенеді.

Сілтеме. 2022 жылғы 12 шілдедегі № 138-VII «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

	«Виктория» СК» АҚ Жүктерді ерікті сақтандыру ережесі	28.02.2024 жылғы редакция 26.10.2022 жылғы редакция	27 беттен 27-бет
---	---	--	-----------------------------

Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-ІІ «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес (2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді) Қағидаларына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген (1.2, 1.3, 1.5, 2.1, 2.6, 2.8, 3.1, 4.1, 4.2, 4.4, 4.7, 4.8, 5.1, 5.7 тармақтарға, 6.1 тармағының 2) тармақшаға, 6.4 тармағының 1), 2) тармақшаларға, 6.5 тармағының 3) тармақшаға, 6.6 тармағының 4) тармақшаға, 6.9-6.12, 8.2, 8.3, 8.12, 8.13, 8.15-8.18 тармақтарға, 9.1 тармағының 4) тармақшаға, 9.7, 9.10, 9.11, 9.20, 9.21, 9.25 тармақтарға, 11.2 тармағының б) тармақшаға, 11.4 тармағының 5) тармақшаға, 11.9 тармаққа, 12.1 тармағының 5) тармақшаға, 12.2 тармағының 11)-13) тармақшаға, 12.4 тармағының 16)-18) тармақшаға, 12.5 тармағының 1)-4) тармақшаға, 13.10, 13.12, 17.5-17.9 тармақтарға).